1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№9 (865) Сәрсенбі 28 ақпан 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti

ШЫҒЫСҚА САПАР ШЫРАЙЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Өскемен қаласындағы көпбейінді Онкология және хирургия орталығының базасында ашылған Сәулелік терапия және диагностика орталығына барды.

Президентке жоғары дәлдікпен диагностика жасауға және онкологиялық ауруларды емдеуге мүмкіндік беретін соңғы буындағы магнитті-резонансты томография (МРТ), Elekta Versa HD желілік үдеткіші, Discovery RT компьютерлік томографы сияқты заманауи медициналық құрылғылардың жұмысы таныстырылды. Сондай-ақ Орталық радиологиялық суреттерді сақтауға және оларды тез тауып, нақты уақыт режимінде зерттеуге арналған PACS архивтеу жүйесімен жабдықталған. Көпбейінді онкология және хирургия орталығының директоры Гүлмира Сағидуллинаның айтуынша, жыл сайын мұнда 3 мыңнан астам хирургиялық операция жасалады, оның 60 пайызында аз инвазивті емдеу тәсілдері қолданылады. Орталықта медицина мамандарының шетелдерде біліктілігін арттыру және қайта даярлау ісіне айрықша мән беріледі. Отандық және шетелдік мамандар шақырылып, тұрақты түрде шеберлік сағаттары ұйымдастырылып тұрады. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Шығыс Қазақстан облысындағы онкологиялық қызметтің қазіргі жай-күйі жөнінде баяндалды. Өңірде қатерлі ісіктерді ерте анықтау көрсеткіштері айтарлықтай артып, ауру деңгейі үшінші, төртінші сатыға дейін асқынып кеткен сырқаттардың саны қысқарған. Сәйкесінше, онкологиялық аурудан қайтыс болатын азаматтардың саны азайып келе жатқаны байқалады. Мемлекет басшысы орталық дәрігерлерімен әңгімелесіп, медициналық ұйымның жұмысына табыс тіледі. Сондай-ақ елімізде осындай заманауи медициналық орталықтар ашу маңызды екенін атап өтті.

– Өте жақсы медициналық мекеме екен. Заманауи әрі сапалы құралдармен жабдықталған. Науқастарды емдеу керек. Қазір мұндай ауруханалар жалпыұлттық маңызға ие болды. Өкінішке қарай, онкология дерті жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейін екінші орында тұр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы «Өскемен титан-магний комбинаты» акционерлік қоғамындағы өндіріс жұмыстарының жай-күйімен және кәсіпорынның даму перспективасымен танысты. Комбинат шикізат өндіруден бастап одан дайын өнім алуға дейінгі өндірістің бүкіл циклын қамтитын кеуекті титан, титан құймалары мен қорытпаларын шығаратын әлемдегі біртұтас кәсіпорындардың бірі саналады. Өндіріс құрылымы 5 негізгі және 6 қосалқы цехтан, сондай-ақ еншілес әрі бірлескен кәсіпорындардан тұрады. Әлемдегі титан нарығының 11 пайызы Қазақстанға тиесілі, ал аэроғарыш саласындағы титанның 20 пайыздан астамын біздің ел қамтамасыз етеді. Мемлекет басшысына комбинат өнімін Airbus, Boeing, TIMET, ATI, Safran, UKAD, Pratt&Whitney, General Electric, Dynamet, Howmet, POSCO, Baoti, MIDHANI секілді әлемдік ірі компаниялар сертификаттағаны туралы баяндалды. Қазақстан титаны кеме жасау ісінде, энергетика, аэроғарыш салаларында, мұнай-газ кәсіпорнында және медицинада кеңінен пайдаланылады. Өнім АҚШ-қа, Ұлыбританияға, Францияға, Оңтүстік Кореяға, Үндістанға және Қытайға экспортталады. Алдағы он жылда комбинат жалпы сомасы 207 миллиард теңге болатын 25 инвестициялық жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

(жалғасы 2-бетте)

«БОЛАШАҚТЫҢ ОЙЫНДАРЫ»
IT ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН СПОРТ ҰШТАСҚАН ЖОБА

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласына жұмыс сапары аясында Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті. Екі ел басшылары өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Екі елдің Үкіметтері аталған уағдаластықтарды табысты жүзеге асырып жатыр. Ресей тарапы Қазақстанмен стратегиялық серіктестікті одан әрі күшейтуге бейілді екенін растады. Мемлекет басшысы Қазан қаласында алғаш рет өткізіліп отырған «Болашақтың ойындары» халықаралық турнирінің ашылу рәсіміне шақырғаны үшін Ресей Президентіне алғыс айтып, бұл бірегей сипаттағы шара екенін атап өтті.

– Шын мәнінде, «Болашақтың ойында- ры» – IT интеллект пен спорт ұштасқан бі- регей формат. Біз мұнда мықты команда әкелдік. Жақсы нәтиже көрсетеді деп үміттенеміз. Жалпы, Қазақстанда IT секторы дамып келеді. Біздің өз ойындарымыз бар. Халықаралық деңгейде жарыстар өткіземіз. Ресей Федерациясы дер кезінде қолға алған осы бастаманы жалғастыру үшін келесі «Болашақтың ойындарын» біздің елімізде ұйымдастыруды ұсынамын, – деді ҚасымЖомарт Тоқаев.

Президенттер ресми мінберден «Болашақтың ойындары» турнирінің салтанатты ашылу рәсімін тамашалады. Ресейдің мемлекеттік әнұраны орындалғаннан кейін Владимир Путин жарысты ашық деп жариялады. Қазақстан Президенті ҚасымЖомарт Тоқаев турнир қатысушыларына сәттілік тіледі. – Құрметті Владимир Владимирович, ең алдымен, Сізге зор ризашылық білдіргім келеді. Бұл – бірегей ойын. Дүние жүзінде мұндай ойынның баламасы жоқ. Баршаңызға сәттілік тілеймін. Келесі ойынды Қазақстанда өткізейік, – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері де киберспортшыларға ізгі тілектерін жолдады. Содан соң жарысқа қатысушы мемлекеттер туларының шеруі өтті. «Фиджитал-концепцияға» негізделген турнирдің форматы физикалық белсенділікті, заманауи технология мен цифрлық ортаны ұштастырады.

Шоу барысында спорт, стратегия, тактика, технология, жылдамдық секілді 5 топқа біріктірілген сайыс түрлері таныстырылды. Ойындардың бағдарламасына классикалық спорт түрлері мен олардың 21 цифрлық баламалары бойынша гибридті спорттық жарыстар енгізілген. Ұйымдастырушылардың мәліметі бойынша турнирге 100-ден астам елден 2 мыңға жуық киберспортшы келген. Қазақстанның ойыншылары мен командалары спорттың 13 түрі бойынша сайысқа түседі. Жалпы, бұл турнирге еліміздің 48 өкілі қатысады. Салтанатты ашылу рәсімінен кейін Татарстан астанасына келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен басқа елдердің президенттері «Болашақтың ойындары» халықаралық мультиспорт турнирінің негізгі шаралары өтетін «Қазан Экспо» кешенін аралап көрді. Экскурсия барысында қонақтарға Dota 2 конгресс-залы, арт-нысандар, «фиджитал-зертхана» көрсетілді, сондай-ақ дене шынықтырумен киберспортты (physical+digital) біріктіретін инновациялық «фиджитал-қозғалыстың» ерекшеліктері таныстырылды. Алаңдардың бірінде Қазақстан Президенті «Футбол достыққа жол ашады» бағдарламасына қатысатын жас спортшылармен әңгімелесті. Халықаралық команданың құрамында «Астана» футбол клубында жаттығатын 10 жастағы Жан Әли Ермағамбетов те бар. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда балалар спортына мемлекет тарапынан тұрақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ САЙЛАНДЫ

Қармақшы ауданында Жосалы, Иіркөл, Қармақшы ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтті. Дауыс беру күні 4 сайлау учаскесі жұмыс істеді.

Сайлау науқанына 9 кандидат бақ сынады. Олардың басым бөлігі сайлауға өзін-өзі ұсыну тәртібімен түсті. Таң сәріден бері учаскелерге келген азаматтар өздері қалаған кандидаттарға дауыс беріп, өз таңдауларын жасауда.

Әкімдер 4 жыл мерзімге сайланады. Алғаш болып келген сайлаушыға учаскелік комиссиясы тарапынан сыйлықтар берілді. Сондай-ақ, бірінші рет дауыс беру құқығына ие жас сайлаушылар да маңызды күннен қалыс қалмады. Сайлаудың ашықтығын бақылау үшін аккредиттеуден өткен байқаушылар мен кандидаттардың сенім білдірген адамдары бақылауда.

Жосалыда 211 азамат дауыс беруге қатысты. Ауылдық округ әкімі болуға кандидат ретінде 3 адам ұсынылып, дауысқа түсті. Дауыс беру қорытындысымен Жалғасбай Владимир Жақсылықұлы Қармақшы ауданы, Жосалы ауылдық округінің әкімі болып сайланды. Жалғасбай Владимир Жақсылықұлы 1972 жылы туған, Төребай би ауылында тұрады, «AMANAT» партиясы арқылы ұсынылған.

Иіркөлде 169 азамат дауыс беруге қатысты. Ауылдық округі әкімі болуға кандидат ретінде 3 адам ұсынылып, дауысқа түсті. Дауыс беру қорытындысымен Төлегенов Жағыпар Асанұлы Қармақшы ауданы, Иіркөл ауылдық округінің әкімі болып сайланды. Төлегенов Жағыпар Асанұлы 1965 жылы туған, ұлты қазақ, Иіркөл ауылында тұрады, «AMANAT» партиясы арқылы ұсынылған.

Қармақшы ауылдық округте 473 адам дауыс беруге қатысты. Ауылдық округі әкімі болуға кандидат ретінде 3 адам ұсынылып, дауысқа түсті. Дауыс беру қорытындысымен Есқараев Аязбек Тайжанұлы Қармақшы ауданы, Қармақшы ауылдық округінің әкімі болып сайланды. Есқараев Аязбек Тайжанұлы 1978 жылы туған, Қармақшы ауылында тұрады, сайлауда өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

СЕГІЗІНШІ САЙЛАУ

Биылғы жазда Лукашенконың өзі 70-ке келеді, ал оның Беларусьті басқарып отырғанына 30 жыл толады.

Беларусь президенті Александр Лукашенко 2025 жылғы Беларусь президенті сайлауына қатысатынын мәлімдеді.

Ел президенті және Қарулы күштердің Бас қолбасшысы қызметіндегі Александр Лукашенко 1994, 1999, 2001, 2006, 2010, 2015, 2020 жылдарда өткен сайлаулардың бәріне қатысқан. Ол қатарынан сегізінші мерзім сайлауға түспек.

БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Қазақстан өз тарихында маңызды қадам жасады. Алдағы бейсенбіде, 2024 жылғы 29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні республиканың бірден 15 өңірі сағат тілін бір сағатқа кері шегереді. Тек Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қызылорда облыстары үйреншікті уақытында қалады. Ал өзге өңірлер солармен теңеседі. Осылайша, Қазақстан жалғыз, бірыңғай уақыт белдеуіне көшеді.

«Көптеген пайдаланушы ұялы телефоны мен құрылғының ақпараттық жүйелерінен Қазақстанның бірыңғай уақыт белдеуіне (UTC+5) көшетіні туралы хабарламалар ала бастады. Цифрлық даму министрлігі қазақстандықтарға оларды жаңарту және жаңа уақыт белдеуіне уақтылы көшу бойынша әмбебап нұсқаулықтарды ұсынады. Бұл хабарламаларды алмаған азаматтар олардың жоқтығына алаңдамауы керек. Құрылғының бағдарламалық қамтылымын соңғы нұсқаға дейін жаңарту қажет», деді ведомство мамандары.

«Рейстерінің уақыты өзгеретін жолаушыларға SMS хабарлама және брондау кезінде көрсеткен электронды поштасына хат жолданады. Онда ұшу мен келудің жаңа уақыты туралы ақпарат болады. Бұған қоса, биылғы сәуір мен қазан аралығындағы рейстердің кестесі 1 наурызда автоматты түрде өзгертіледі. Бұл жөнінде де жолаушылар хабардар етіледі», – деп түсіндірді Air Astana мамандары.

«Бір уақыт белдеуіне көшу қадамы өзге салаларға да ықпал еткелі тұр. Мәселен, Мемлекеттік кірістер комитеті (МКК) 29 ақпан күні сағат 23:30-дан 1 наурыздағы сағат 07:00-ге дейін МКК ақпараттық жүйелері жұмыс істемейтінін ескертті. Бұған жаңа уақыттық жүйеге ауысу себеп болады: техникалық жұмыстар жүріледі. «Осыған байланысты көрсетілген уақытта МКК АЖ қолжетімсіз болады», – деп мәлімдеді ведомство.

«Тиісті видеонұсқаулықтар Мемлекеттік кірістер комитетінің әлеуметтік желілердегі press_kyzmet_kgd, kgd.gov.kz, kgdmfrk ресми аккаунттарында орналастырылды. Қиыншылықтар туындаған жағдайда БКМ-ді сүйемелдеу келісімшарттары аясында Техникалық қызмет көрсету орталықтарында, Жергілікті мемлекеттік кірістер басқармаларының қызмет көрсету орталықтарында немесе 1414 (3) телефон нөмірі бойынша байланыс орталығында тегін кеңес алуға болады», – деп хабарлады комитет.

«ШҚО екі сағаттық белдеудің шекарасында орналасқан. Өскеменде UTC +5 бойынша түс мезгілі енді сағат 11:30-да болады. Сондықтан қала осы уақыт белдеуіне сәйкес келеді. Ал күннің ерте батуы мен таңның атуына келсек, бұл географиялық ендікке байланысты. Күннің ұзақтығы оңтүстікте, иә болмаса солтүстікте тұрғанымызға байланысты. Оңтүстікте жаздағы және қыстағы күн ұзақтығының айырмашылығы шамалы. Ал солтүстікте едәуір көп. Тіпті, ақ түндер болады. Мысалы, мұндай құбылыс ШҚО-да 22 маусымда байқалды», – деді Фесенков атындағы «Астрофизикалық институты» ЖШС-ның жұлдыздар мен тұмандықтар физикасы зертханасының меңгерушісі Любовь Шестакова.

Бір кем дүние

Бір тылсым күш құйындай соғып кеп, ұзақ уақыт бойы тырп етпей жатқан жерінен жұлып әкеткені. Өзі икемсіздеу еді, бірақ әлгі леп оны дөңгелентіп билетіп ала жөнелді. Бұл да сол әсем ырғаққа елітіп, шыр көбелек айналуын тоқтатқысы жоқ. Басы айналып, бақыттан жүзі бал-бұл жайнап, жүрегі дүрсілдей соқты. Көкірегін қуаныш кернеген күйі күлімдеп, соңғы демін алған еді...

37 ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛМАДЫ

Қызылордадағы «Су ресурстары: сумен тұрақты қамтамасыз етудің проблемалары мен перспективалары» атты көшпелі отырыста баяндама жасаған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев суармалы суды тиімді пайдаланудағы негізгі міндеттер туралы айтты.

Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлескен «Суармалы жүйелер мен гидротехникалық құрылыстарды қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар» бекітілді. Кешенді жоспарға құны 141 млрд. теңгені құрайтын 37 жоба енгізілді.

Ол бойынша 1 млрд. текше метр тасқын суды жинақтауға арналған «Қараөзек» су қоймасын салу жоспарлануда. Су қоймасы салынса Қазалы ауданындағы 31 мың гектар суармалы жерді, 120 мың гектар жайылым мен шабындықтарды және ең маңыздысы вегетациялық кезеңде Кіші Аралды суландыруға болады. Бұл жобалар іске асқанда суды үнемдеуге және үнемделген суды экологиялық мақсаттарға бағыттауға мүмкіндік туады. Еліміздегі су тапшылығын жоюға және су үнемдеу технологияларын тиімді жүзеге асыруға бағытталған бүгінгі маңызды отырыста жаңа «Су кодексіне» оңтайлы ұсыныстар енгізіледі деп сенемін», – деді аймақ басшысы.

№9 (865) Сәрсенбі 28 ақпан 2024 жыл
e-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru

ШЫҒЫСҚА САПАР ШЫРАЙЫ

(соңы, басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Шығыс өңіріндегі элиталық тұқым шаруашылығының қызметімен танысты. Президентке көпжылдық практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде сұрыпталған күнбағыстың жаңа будандары, сондай-ақ соя мен бидай сорттары таныстырылды. Кәсіпорын дайындайтын тұқымдар отандық шаруалардың арасында жоғары сұранысқа ие әрі Ресей Федерациясының 7 өлкесіне экспортталады. Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде майлы дақылдардың егістік алаңын көбейтудің перспективасы жөнінде сұрады. Мекеме басшысы Фарид Әбітаевтың айтуынша, соңғы кезде майлы дақылдарды егу көлемі жыл сайын 12-15 пайызға артып келеді, сәйкесінше, нарықтағы сұраныс та жоғары. Бұған қоса, мол жем-шөп қоры мен селекциялық жұмысты сауатты жүргізудің арқасында агроөнеркәсіп кешені сүт өнімдері бағытындағы жетекші мал шаруашылығының қатарына кірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне барып, жоғары оқу орнының қызметімен танысты және оның базасында құрылған «Лу Бань шеберханасы» оқу орталығын аралап көрді. Президентке білім ошағының ғылыми-инновациялық экожүйесі туралы мәлімет берілді. Ректор Сәуле Рахметуллинаның айтуынша, былтыр университет базасында Smart engineering құзыреттер орталығы ашылған. Орталық машина жасау, таукен және металлургия кешені салаларындағы импортты алмастырушы технологияларды дамытуды көздейді. «Лу Бань шеберханасы» «Автомобильдердің инновациялық конструкциясы» және «Автомобильдердің SMART технологиясы» сияқты екі зертханадан тұрады. Орталықтың бір ерекшелігі – мұнда студенттер практикалық дағдыларды меңгеріп, автомобиль жүйелеріне симуляциялық сынақ жүргізе алады. Сондай-ақ орталықта электромобильдер мен гибридті көліктерге техникалық қызмет көрсету және диагностика жасау үшін жаңа технологияларды игеру ісіне айрықша мән беріледі.

Мемлекет басшысы жол қозғалысын интеллектуалды тұрғыда ұйымдастыруға арналған SMART-үстелмен танысты. Сонымен қатар Президентке гибридті автомобильдерді, электромобильдерді және оларды қуаттау принциптерін үйренуге арналған оқу стендтері көрсетілді.

Елімізде «Лу Бань шеберханаларын» ашу бастамасын былтыр мамыр айында Сианьда өткен «Орталық Азия-Қытай» саммитінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин көтерген болатын. Университет мақсаттарының бірі – осы «Лу Бань шеберханасы» базасында отандық автомобиль құрастыру өнеркәсібі үшін жоғары білікті техникалық және инженерлік кадрларды даярлау.

Орталықты аралап көрген Президент студенттермен әңгімелесіп, оларға табыс тіледі. Сондай-ақ экономиканы дамыту үшін елімізде «Лу Бань шеберханасы» сияқты орталықтардың санын көбейту маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары кезінде Ольга Рыпакова атындағы жеңіл атлетика орталығын және оның базасында ашылған Жеңіл атлетика бойынша облыстағы балалар мен жасөспірімдерге арналған олимпиадалық резерв мектебін аралап көрді.

Ольга Рыпакова елімізде жеңіл атлетиканы дамытуға қатысты бірқатар ұсынысын жеткізді. Атап айтқанда, ол өңірде спорт медицинасы орталығын құру маңызды деп санайды. Бұл Алтайдың әсем де жанға жайлы табиғаты аясында өтетін жеңіл атлетика бойынша оқу-жаттығу жиындарын емдеу-оңалту процедураларымен сабақтастыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, 2015 жылдан бастап спорт аренасында Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова атындағы турнир өткізіліп келеді. Аталған жарысқа World Athletics Continental Tour деңгейі берілген, яғни, бұл спортшылар әлемдік рейтингте ұпай жинай алатын ең жоғары деңгейдегі сайыс саналады. Даңқты спортшы осы турнирдің мәртебесін «күміс» деңгейге дейін көтеруге ықпал етуді сұрады. Ол үшін жеңіл атлетика манежінің жабындысын жаңарту, сондай-ақ жүлде қорының сомасын арттыру қажет.

Мемлекет басшысы Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова мен ШҚО әкімі Ермек Көшербаевқа аталған мәселені бақылауға алуды тапсырды.

Содан кейін Президент спортшылармен әңгімелесіп, мемлекет спорт инфрақұрылымын жақсартуға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті.

– Мұнда балалардың футбол ойнайтынын, жеңіл атлеттердің жаттығатынын көріп отырмын. Әрине, спортпен айналысу керек, сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстанған жөн. Мен спортты дамытуға баса мән беремін. Баршаңыздың мықты спортшы болуларыңызға, қоғамның басқа да салаларында жетістікке жетулеріңізге тілектеспін. Басты міндет – еліміздің лайықты азаматы болу. Сіздерді мықты маман, Олимпиада чемпионы, спортта үлкен жетістікке жеткен бапкер жаттықтырады. Сондықтан үлгі алатын адамдарыңыз бар, – деді Мемлекет басшысы.

«ҚАЗАЛЫ» КӘМПИТІ ҚЫТАЙҒА ЭКСПОРТТАЛАДЫ

Бұл – Қазалы ауданының тарихындағы шетелге экспортталған алғашқы өнім емес. Қазалының қамысын да шетелдіктер аттай қалап алдыртқаны көпшілікке мәлім. Өткен жылы Қызылорда облысына жасаған сапарында президент Қасым-Жомарт Тоқаев та «Қазалы» кәмпитімен танысып, ерекше таңданыс білдірген еді.

«Қазалы» кәмпиті тіл үйірер дәмімен қазақстандықтардың көңілін жаулап үлгерді. Енді Қазалының брендіне айналған өнім Қытай еліне экспортталуда. Айта кетейік, бүгінде Қазақстанның экологиялық таза майлы дақылдары, ет және басқа да өнімдері Қытай нарығына жол тартты.

Қазалы ауданынан осы уақытқа дейін экспортқа жеке кәсіпкер М.Есқожаевтің күріші, «СПК Қызылорда Балық» ЖШС-нің балық өнімдері Ресей мемлекетіне, жеке кәсіпкер Т.Игіліковтің балық өнімдері Ресей, Литва, Дания, Әзербайжан, Грузия елдеріне, «Азия-Қамыш» ЖШС қамысы Нидерланды, Германия, Беларусь сынды Еуропа елдеріне экспорттаса, осы жылдан бастап экспортталатын тауарлардың қатары артты. Ол – «Қазалы» кәмпиті. Осы брендпен танылған жеке кәсіпкер Нұрбек Қазбергеновтің өнімі шетелдіктердің де қызығушылығын тудырды. Қазіргі таңда жеке кәсіпкер өз өнімін Қытай еліне экспорттауды жолға қойды.

«Отандық өнімдеріміз мемлекетімізде ғана емес, Орталық Азия елдеріне де сұранысқа ие болып жатқаны көңілге қуаныш ұялатады», – деді Қазалы ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Ақтілеу Бөріқұлақов.

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ЖОБАНЫ СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ

27 ақпан – Дүниежүзілік үкіметтік емес ұйымдар күні. Бұл атаулы дата 1950 жылы БҰҰ шешімімен тізімге енгізілген болатын. Қазіргі таңда аймақтағы азаматтық қоғам институттары 2000-нан астам жұмыс орнын нәтижелі құрып, экономиканың дамуына айрықша үлес қосуда. Мәселен, былтыр облыстағы қоғамдық ұйымдар 124 әлеуметтік маңызы бар жобаны сәтті жүзеге асырды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Анар Ізден хабарлады.

-Бүгінде республика бойынша 23 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым бар болса, біздің облыста 1217 ұйым тіркелген. Бүгінгі атаулы күнге орай өңірімізде бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, Қызылорда облысының Азаматтық альянсының бастамасымен қауымдастық мүшелеріне арналған арнайы кездесу өтті. Кездесу аясында мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдері бірнеше мәселелерді ортаға салып, өзара пікір алмасты. Сондай-ақ, бүгін мемлекеттік қызметшілер мен қоғамдық ұйым өкілдері арасында футболдан жолдастық жарыс ұйымдастырылады. Жалпы, Азаматтық альянс қауымдастығы 2020 жылы жаңа форматта өз жұмысын бастап, оған 73 ұйым мүшелікке кірген болатын. Содан бастап, біздің ұйым өз бағыты бойынша нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізуде. Қауымдастық базасында үкіметтік емес ұйымдарға жан-жақты қолдау көрсететін СаІІ орталық пен сайт іске қосылды. Биыл да бірнеше жоспарларды жолға қойып, іске асырудың нақты нәтижелерін жоспарлаудамыз, – деді Анар Жарылқасынқызы.

Брифинг барысында Азаматтық альянс «Арал теңізі» қоғамдық бірлестігінің директоры Айнакүл Баймаханова экологиялық мәселелерді оңтайландыру бағытындағы жобалары мен негізгі жұмыстарын атап өтті.

-Біздің қоғамдық бірлестік 1996 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Осы уақыт аралығында халықаралық ұйымдар арқылы 30-ға жуық жобаны жүзеге асырды. Оның ішінде, Арал ауданындағы 3 мыңға жуық халық жұмыспен қамтылып, 30-ға жуық жұмыс орны ашылды. Біздің қолға алған жобалардың басым көпшілігі экологиялық және әлеуметтік салаларға бағытталады. Соңғы уақытта қоқыстардың шектен тыс көбеюі ауаның шамадан тыс ластануына әкеп соқтыруда. Осыған байланысты ауданымызда қоқыстарды өңдеу цехын аштық. Алдағы уақытта да бұл жобаны жалғастырамыз, – деді Айнакүл Үдербайқызы.

«ОТАУ» БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

1 наурыздан бастап баспанасы жоқ жастар мен отбасылар үшін «Отау» бағдарлама іске қосылмақ. Бағдарламаға қатысып, баспаналы болғысы келетін азаматтар 30 сәуірге дейін otbasybank.kz порталы арқылы өтініш бере алады. Аталмыш бағдарламаға 18 бен 63 жастағы азаматтардың қатысуына мүмкіндік бар.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында «Отбасы банкі» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Әділжан Сәулебаев хабарлады.

–Бағдарлама ережесіне сәйкес, қатысушының жинақ шотының ашылғанына 18 ай болған және олардың отбасының атында соңғы 5 жылда жылжымайтын мүлік болмауы тиіс. Өтінім беру кезінде депозиттегі жинақ көлемі 1 млн теңгеден кем болмауы қажет. Бағдарламаға өтініштер 30 сәуірге дейін қабылданады. Өтінім беру уақыты аяқталғаннан кейін otbasybank.kz сайтында қатысушылар тізімі автоматты түрде жасақталады. Іріктеуден өткен қатысушылар 40 жұмыс күн ішінде несиелік өтінім бере алады. Банктен оң мақұлдау алған жағдайда несиелік өтінім 6 ай ішінде жарамды болады. «Отау» бағдарламасының шарттары: алғашқы жарна – 20 пайыздан бастап, несие мөлшерлемесінің жылдық көлемі 9 пайыз, ал несиелеу мерзімі – 19 жылға дейін,– деді Әділжан Рахымжанұлы.

Биыл облыста тұрғын үй құрылысын салуға барлығы 16 млрд теңге қаржы бөлініп, тиісті жобалар қолға алынды. Сәйкесінше, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында қаржыландырудың барлық көздерінен 701,6 мың шаршы метрді құрайтын көпқабатты тұрғын үйлер пайдалануға берілмек.

-Осы жылы тұрғын үй құрылысына облыстық бюджеттен 2,3 млрд теңге қаржы бөлінді. Бюджеттен бөлінген бұл қаржыға 754 пәтерді құрайтын 11 тұрғын үйдің құрылысын жүргізетін боламыз. Сондай-ақ, 5 қабатты 10 тұрғын үйдің тиісті жобасы әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Бұдан бөлек, қосымша 7 қабатты 10 тұрғын үйдің жобасметалық құжаттары әзірленуде. Ал халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 296 пәтерді сатып алуға тиісті қаржы қарастырылды. Айта кетейін, осы жылдың қаңтар айында қаржыландырудың барлық көздерінен 63,5 мың шаршы метр тұрғын үй ел игілігіне пайдалануға берілді, – деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Мәди Әліп.

ҚАЗАҚСТАН ТӨЛҚҰЖАТЫМЕН ВИЗАСЫЗ ҚАЙДА БАРУҒА БОЛАДЫ?

Ең мықты төлқұжаттар рейтингіндегі Қазақстан 93 елдің ішінде 54-орында. Passport Index-тің мәліметінше, Қазақстан азаматтары төлқұжатпен әлемнің 43 еліне визасыз бара алады.

Қазақстандықтар визасыз бара алатын елдердің толық тізімі төмендегідей: Албания (90 күнге дейін визасыз); Антигуа және Барбуда (180 күнге дейін визасыз); Аргентина (90 күнге дейін визасыз); Армения (180 күнге дейін визасыз); Әзірбайжан (90 күнге дейін визасыз); Барбадос (28 күнге дейін визасыз); Беларусь; Бразилия (30 күнге дейін визасыз); Қытай (30 күнге дейін визасыз); Колумбия (90 күнге дейін визасыз); Кот-д'Ивуар (90 күнге дейін визасыз, алдын ала тіркелу қажет); Доминика (21 күнге дейін визасыз); Доминикан Республикасы; Эквадор (90 күнге дейін визасыз); Гамбия (90 күнге дейін визасыз); Грузия (360 күнге дейін визасыз); Гаити (90 күнге дейін визасыз); Гонконг 14 күнге дейін визасыз); Иран (14 күнге дейін визасыз); Кения (90 күнге дейін визасыз, Кенияның электронды саяхатқа рұқсат беру (eTA) жүйесі жұмыс істейді); Қырғызстан; Малайзия (30 күнге дейін визасыз); Микронезия Федеративтік мемлекеттері (30 күнге дейін визасыз); Молдова (90 күнге дейін визасыз); Моңғолия (90 күнге дейін визасыз); Намибия (90 күнге дейін визасыз); Оман (14 күнге дейін визасыз); Палестина; Филиппин (30 күнге дейін визасыз); Ресей Федерациясы (90 күнге дейін визасыз); Сербия (30 күнге дейін визасыз); Сейшель аралдары (90 күнге дейін визасыз, туристік тіркеу қажет); Оңтүстік Корея (30 күнге дейін визасыз, Кореяға электронды кіру рұқсат жүйесі – eTA); Шри-Ланка (30 күнге дейін визасыз, Шри-Ланкаға электронды кіру рұқсат жүйесі – eTA); Сент-Винсент және Гренадин аралдары (90 күнге дейін визасыз); 90 күнге дейін визасыз Суринам, сізге туристік карта қажет); Тәжікстан; Таиланд (30 күнге дейін визасыз); Тунис (90 күнге дейін визасыз); Түркия (90 күнге дейін визасыз); Украина (90 күнге дейін визасыз); Біріккен Араб Әмірліктері (30 күнге дейін визасыз); Өзбекстан.

Сіз келесі елдерге кіргеннен кейін бірден виза ала аласыз: Бахрейн; Бангладеш; Боливия; Бурунди; Камбоджа; Кабо-Верде; Комор аралдары; Конго; Куба; Джибути; Египет; Экваторлық Гвинея; Эфиопия; Габон; Гвинея; Гвинея-Бисау; Үндістан; Индонезия; Ямайка; Иордания; Лаос; Лесото; Макао; Мадагаскар; Малави; Мальдив аралдары; Маршалл аралдары; Мавритания; Маврикий аралы; Мозамбик; Непал; Никарагуа; Нигерия; Палау; Катар; Руанда; Самоа; Сауд Арабиясы; Сьерра-Леоне; Оңтүстік Судан; Шығыс Тимор; Бару; Тувалу; Уганда; Вьетнам; Замбия; Зимбабве.

Қазақстандық төлқұжат 2023 жылы 56-орыннан 2024 жылы 54-орынға көтерілді. Дегенмен визасыз баруға болатын елдер саны 91-ден 90-ға дейін қысқарды. Қазақстан әлемнің 82 елімен визасыз режим орнатқан.

Соның арқасында Қытай мен Үндістаннан келетін туристер саны күрт өсті. Осылайша Қытайдан келетіндер саны 12 есе, Үндістаннан келетіндер саны 3 есе көбейді.

ЖҮК КӨЛІКТЕРІНЕ ШЕКТЕУ ЕНГІЗІЛЕДІ

Жыл сайын көктем мезгілінде республикалық маңызы бар жолдарды қыстан кейін сақтау және күтіп ұстау үшін бір оське жүктемесі 8 тоннадан асатын автокөлік құралдарының қозғалысын уақытша шектеу енгізіледі.

Бірінші наурыздан бастап мұндай ережелер 8 облыстағы трассаларда қолданылатын болады. Атап айтқанда, Алматы, Атырау, Жамбыл, Ұлытау, Қызылорда, Маңғыстау, Жетісу және Түркістан облыстары «Бесінші жол-климаттық аймаққа» кіреді. Аталған уақытша шектеу шаралары 1 наурыздан 1 сәуірге дейін қолданылады. Шектеу шаралары жүктерді және жолаушыларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларға тартылған, зардап шеккендерге гуманитарлық көмек, азық-түлік, бағаж, дәрі-дәрмек тасымалдауды жүзеге асыратын, сондай-ақ жол-құрылыс жұмыстарымен айналысатын автокөлік құралдарына қатысты қолданылмайды.

Осындай шектеулер 23 наурыз бен 1 мамыр аралығында Ақмола, Ақтөбе, Абай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында да енгізілетін болады.

ТУБЕРКУЛЕЗДЕН ЕШКІМ САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН

Әлемнің көптеген елдерінде туберкулез, әсіресе, көптеген дәріге төзімді туберкулез қауіпті ауру болып қала береді. Ешкім аурудан, оның ішінде өмір сүру стандарттары жоғары және сапалы медицинасы бар гүлденген мемлекеттердің тұрғындары да сақтандырылмаған.

Бұл туралы ӨКҚ брифингі барысында «Туберкулез» компоненті бойынша Жаһандық қор жобасын іске асыру тобының менеджері Шахимурат Исмаилов мәлімдеді.

«Басты міндет – туберкулездің үкім емес екенін түсіндіру», - дейді сарапшы. Оның айтуынша, жедел диагностикаға, емдеуге арналған жаңа схемалар мен препараттарға жаңа тәсілдер сәтті қолданылуда, туберкулездің алдын алудың заманауи тиімді технологияларына қолжетімділік жақсарды.

ДДСҰ-ның Еуропалық өңірлік бюросы туберкулерзе қарсы күресте қажетті капитал салымдарын қамтамасыз етуге, ДДСҰ-ның соңғы ұсынымдарын орындауға, инновациялық тәсілдерді енгізуге және азаматтық қоғам ұйымдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасауға шақырады.

Қазақстанның ұлттық туберкулезге қарсы бағдарламасы мынадай міндеттерді іске асырады:

- молекула-генетикалық әдістерді пайдалана отырып, туберкулезді тез анықтау бойынша шараларды жандандыру;
- туберкулезді, оның ішінде дәріге төзімді туберкулезді емдеудің жоғары тиімді және қауіпсіз қысқа режимдерін жалпылама енгізу;
- тәуекел топтарына баса назар аудара отырып, туберкулез инфекциясын профилактикалық емдеудің заманауи тәсілдерін қамтамасыз ету.

Ш.Исмаиловтың пікірінше, туберкулезді заманауи емдеуде пациенттер бүгінде инъекциясыз және ауруханаға жатқызудың ең аз қажеттілігімен таныс өмір сүруге мүмкіндік алады.

2024 ЖЫЛҒЫ I ТОҚСАНДА ЕҢБЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Қалданов Қайрулла Жетпісұлы	Еңбек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі сағ.10.00-12.00ге дейін	Еңбек ауылы, Төлеген Дәуітбаев көшесі, №4	33-1-22

Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да. Сот хатшыларының жұмысы сырт көзге қарапайым әрі оңай болып көрінуі мүмкін. Бір қарағанда, сот мәжілісінің хатшылары тараптардың жауаптарын қағазға түсіріп, хаттама жазып, іс құжаттарын реттеп отыратын жәй ғана маман сияқты.

ХАТШЫ БОЛУ – ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТ

Алайда, сотта қаралатын кез келген істің өзіндік қиындықтары мен қатар істі өндіріске дайындау сатылары болады. Мәселен істі сотта қарамас бұрын, онымен танысу, қарау, уақыттарын белгілеу, ұйымдастыру, тараптарға хабарландыру жіберу секілді көзге көрінбейтін жұмыстар жетерлік. Сот процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, тараптардың сот отырысына уақыты әрі толық келуі, сот отырысының уақытында басталуы осы хатшыға тікелей байланысты.

Сот отырысының хатшысы қылмыстық және азаматтық істер бойынша мүдделі құқығы жоқ мемлекеттік қызметкер, яғни сот отырысының хаттамасын жүргізетін, сондай ақ сот отырысын аудио,- бейнетіркеуді жүргізетін мемлекеттік қызметкер және сот отырысының хатшысы болып табылады.

Сот ісін жүргізуді қамтамасыз ету, оның ішінде істерді судьялардың талқылауына дайындау кезінде қажетті жұмыстарды атқару (хаттар, сұраныстар дайындау, сотқа шақырту қағаздарын жазу, аудио-, бейнежазба құрылғысын пайдалану және т.б.), іске қатысушылар мен куәларды шақыру, жолданған құжаттардың адресаттарға толық табыс етілуін бақылау, істердің қаралу кестесін құру, сот отырысына қатысу және сот отырысының хаттамасын жүргізу, оның толықтығы мен дұрыстығына және заңда көрсетілген мерзімде дайындалуына жауапты болу, сот істерін олар қаралғаннан кейін рәсімдеу, сот отырысының аудио-,бейнежазба құрылғылары арқылы өткізілуін қамтамасыз ету, сотқа қатысушыларға сот актілерінің көшірмелерін (шешім, үкім, ұйғарым, қаулы және т.б.) заңға сай мерзімде жолдау немесе қолма-қол табыс ету, сұратылған іске қажетті құжаттарды, істерді немесе материалдарды уақытылы кері қайтару ,күн сайын сот кеңсесіне істердің қаралған нәтижелері бойынша мәліметтерді тапсыру, сот актілерін орындауға уақытылы жолдау, құжаттарды мұрағаттау және оларды сот мұрағатына тапсыру- осының барлығы сот отырысы хатшысының функциональдық міндеттері.

Сондай-ақ сот жүйесін жетілдіру мен жаңғырту жолында іске қосылған электрондық технологиялардың нәтижелерін, атап айтқанда «Төрелік» ақпараттық жүйесін, «Сот кабинеті» ақпараттық жүйесін, «Сот кабинеті»ақпараттық сервисін, аудио-бейнетіркеу жүйесін және басқа да цифрландыру тетіктерін еркін меңгеріп, оны сотқа жүгінушілерге түсіндіру де сот хатшыларына жүктеледі.

Сонымен қатар, судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне, ұқыптылығына, тындырымдылығына тікелей байланысты. Сондықтан, сот отырысының хатшысы болу аса жауапкершілікті қажет етеді.

А.НҰРҒАЛИЕВ,
Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының хатшысы

ТАНЫСЫНЫҢ БАНКТЕГІ ЕСЕПШОТЫНАН АҚША АУДАРЫП АЛҒАН

Байқоңыр қалалық сотында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 1-бөлігі бойынша М.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды.

Сотталушы М. жәбірленуші К.-мен бірге спирттік ішіп, оның масаң күйінде болғанын және артынан ұйықтап қалғанын пайдаланып, ұялы телефонын алып, оның есепшотынан өзінің қылмыстық іс-әрекетінен бейхабар болған куә Е.-ның екінші деңгейлі банктегі есепшотына 435 000 теңге мөлшеріндегі қаражатты аударып, куә арқылы ақшаны қолма қол алып, жасырын жымқырып, оқиға орнынан бой тасалап кетіп қалған.

Нәтижесінде, жәбірленуші К.-ге жалпы мөлшері 435 000 теңге мүліктік залал келтірген. Басты сот талқылауында сотталушы М. кінәсін толық мойындаған.

Қылмыстық іс бойынша жәбірленуші К. азаматтық талап қоюшы ретінде жауапкер М.-дан қылмыспен келтірілген 700 000 теңге материалдық шығынды, яғни несие бойынша өсімді және 300 000 моральдық шығынды өндіру туралы азаматтық талап қойған.

Сот үкімімен сотталушы М. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 1 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жылына 100 сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартылды.

Азаматтық талап ішінара қанағаттандырылып, жауапкер М.-нан азаматтық талап қоюшы К. пайдасына 435 000 теңге материалдық шығын өндірілді.

ІС ТОҚТАТЫЛДЫ

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 463-бабының 1-бөлігімен азамат Ш-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Іс құжаттарына сәйкес, азамат Ш. құзырлы органға тіркелместен, жеке көлігімен жолаушы тасымалдаған, яғни тіркеусіз кәсіпкерлік қызметпен айналысқан деп, оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған.

Алайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау барысында азамат Ш-ның тіркеусіз кәсіпкерлік қызметпен айналысу дерегі сотта өз дәлелін таппады.ӘҚБтК-нің 11-бабының 1-бөлігіне сай, жеке тұлға кінәсі анықталған құқық бұзушылықтары үшін ғана әкімшілік жауаптылыққа жатады. Жеке тұлғаның кінәсіз зиян келтіргені үшін объективті кінә тағуға, яғни әкімшілік жауаптылыққа жол берілмейді.

Осы Кодекстің 741-бабының 1-бөлігінің 2) тармағына сай, әкімшілік құқық бұзушылық құрамы болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатады.

Осыған орай, азамат Ш-ға қатысты қозғалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс құқық бұзушылықтың құрамы болмауына байланысты тоқтатылған.

ВЕЛОСИПЕД ҰРЛАҒАН

Жалағаш аудандық сотында Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 188-бабының 1-бөлігі бойынша сотталушы М.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды.

Іс құжаттарына сәйкес, сотталушы М. спирт ішімдігін ішіп, мейрамхананың қызметкерлер кіретін есігінің жанында тұрған қара түсті велосипедті жасырын жымқырып, оқиға орнынан бой тасалап, жәбірленуші А.-ға 30 000 теңге мүліктік шығын келтірілген.

БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

Қызылорда облыстық сотында Судьялар Одағының Қызылорда облысы филиалының ұйымдастыруымен баспасөз конференциясы өткізілді.

Шарада Судьялар Одағының жұмысымен таныстырып, Судьялар Одағының съезі төрт жылда бір рет өткізілетінін, соның нәтижесінде, сот жүйесіне бірқатар жаңашылдықтар мен өзгерістер енгізіліп, ауқымды жұмыстар атқарылғанына тоқталып, биыл Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының IX съезі өтетінін, онда сот жүйесінің даму бағыттары айқындалып, күн тәртібіндегі өзекті мәселелер талқыланатынын атап өтіп, Судьялар Одағының Қызылорда облыстық филиалының жұмысы жөнінде кеңінен баяндады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының IX съезі қарсаңында өңірдің журналистері арасында «Сот репортері» байқауы өткізілетінін атап өтті. Байқауға ұсынылған журналистердің авторлық жұмыстарында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамда заңдылықты және тәртіпті нығатудағы сот жүйесінің рөлі, Судьялар Одағының қызметі және сот жүйесіндегі жаңашылдықтар қамтылу керектігіне тоқталды. Шара соңында баспасөз конференциясына қатысушылар өзара пікір алмасты.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚАРАЛДЫ

Шиелі аудандық сотында Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 345-1 бабы 3-бөлігімен, 347-бабымен сотталушы Е.-ге қатысты қылмыстық іс қаралды.

Азамат Е. алкогольдік мас күйде өзінің басқаруындағы «Т» маркалы көлік құралымен «Шымкент-Самара» тас жолында өз жолымен жүріп бара жатқан жәбірленуші С.-ның басқаруындағы «А» маркалы көлікке жол бермей, жол-көлік оқиғасын жасап, ауыр зардаптар туындағанына қарамастан, оқиға болған жерден кетіп қалған.

ЖАЛҒАН ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ ПАРАҒЫН ҰСЫНҒАН

Қызылорда қаласының №2 сотында Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 385-бабы 3-бөлігі бойынша сотталушы О.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сотталушы О. арақ ішкен мас күйінде автокөлігін басқарғаны үшін полиция қызметкерлеріне ұсталып, сот қаулысымен 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алынған.

Жұмыстан шығып қалмас үшін қамауда жатқан күндеріне жалған еңбекке жарамсыздығы парағын аштырып, оны жұмыс орнына табыстап, жалған еңбекке жарамсыздық күндеріне 94 451 теңге ақша алып, пайдаланған.

Сот үкімімен сотталушы О. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 385-бабы 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 61 260 теңге айыппұл жазасы тағайындалды. Сот үкімі заңды күшіне енген.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Шараға Қызылорда облыстық сотының судьясы Н.Қосанов, Қызылорда қалалық сотының төрағасы Д.Кентбаев, Қызылорда қалалық сотының судьялары, облыстық адвокаттар алқасының, Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының, Қызылорда облысының жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының, Қызылорда қаласының әкімдігінің, «Бітім» медиация орталығы» қоғамдық бірлестігінің, «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелді облыстық соттың судьясы Н.Қосанов ашып, дауларды сотқа дейін шешу мәселесін, тараптарға медиация тәртібімен татуласу мүмкіндігін заң талаптарын сақтай отырып жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет екенін айтып өтті.

Сонымен қатар, қалалық соттың судьясы А.Қаршыға «Татуласу: сотқа дейін және сотта» тақырыбында өз баяндамасын жасады. «Бітім» медиация орталығы» қоғамдық бірлестігінің директоры, кәсіби медиатор Жанна Мирамбекқызы дауларды шешудің тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстарды жүргізу мәселелеріне тоқталды. Шара соңында дөңгелек үстелге қатысушылар өзара пікір алмасып, ұсыныстарын білдірді.

МЕДИАЦИЯ ДАУДЫ ШЕШТІ

Қызылорда қалалық сотында талап қоюшы «В». жауапкер Б.-дан қарыз ақша өндіру туралы талап қоюы сот өндірісіне қабылданып, азаматтық іс қозғалған.

Судьяның өткізуімен тараптар медиация тәртібімен бітімгершілікке келген, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге қол қойған. Тараптар қарыз мөлшерін 9 847 144,07 теңге деп белгіледі. Судья жауапкер Б.-дан 9 847 144,07 теңге қарыз ақшаны 10.01.2028 жылғы дейін ай сайын 205 005,52 теңгеден төлеуге міндеттенуге ұйғарым шығарды.

ТУБЕРКУЛЕЗ ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ

Туберкулез-ежелден келе жатқан, ауру адамнан сау адамға ауа арқылы жұғатын инфекциялық ауру. Ол аурудың қоздырғышы – Кох таяқшалары немесе туберкулез микобактериясы деп аталады. Алғаш рет, 1882 жылы, неміс ғалымы Роберт Кох, туберкулез дертінің ерекше қоздырғышы бар екенін және ол қоздырғышты тәжірибелік жануарларға арнайылап жібергенде, олар осы аурумен ауыратынын дәлелдеген. Роберт Кох бірнеше жылдар бойы теңіз шошқаларына тәжірибе жасап, олардың денесінде таяқшаларды өсіріп, соған қарсы пайдаланатын ертінді-туберкулинді жасап шығарған. Сонымен қатар, осы тапқан ертінділерді ең алғаш өзіне және әйеліне қолданып, туберкулездің алғашқы белгілерін өздерінде сезініп, суреттеген.

Туберкулез ауа арқылы тарайтын болғандықтан, ол адамның ұлтына, жасына, жынысына, байлығына немесе сұлулығына қарамайды, себебі ауа ортақ, ешкім ауаны таңдап жұтпайды немесе таңдап демалмайды. Сол себептен, жер шарындағы адамзаттың 3/1 бөлігі туберкулез микобактериясын жұқтырған деген дерек бар. Бірақ, осы қоздырғыштарды жұқтырған жандардың барлығы 100 пайыз туберкулезге шалдықпайды екен. Адам организміне түскен микобактериялар, егер адам қандай да бір қолайсыз жағдайға түспесе, сол күйімен, тыныш жата береді.

Ал егер, қосалқы аурулар пайда болып, стресстік жағдайлар болса немесе уақытылы тамақтанбай, зиянды әдеттерге дағдыланса, тыныш жатқан туберкулез микобактериялары басын көтеріп, жанданып, тез арада организмге таралып, әсіресе өкпе, лимфа бездері, сүйек буын, ми қабығының туберкулезін шақырады.

Мына суретте өкпеде өрбіген туберкулез ауруының айқын белгілерін көріп, бұл аурудың адамзатқа аса қауіп төндіріп отырғанын байқауға болады.

Туберкулездің қалай алдын алуға болады? Ол үшін:

1. Әр адам өз денсаулығына аса жауаптылықпен қарау керек, яғни, зиянды әдеттерден аулақ болу, құнарлы тамақтану керек;

2. 15 жастан бастап жылына бір мәрте

флюоробайқаудан өтіп тұру шарт.

3. 15 жасқа дейін Манту және Диаскинтест сынамалары арқылы организмга туберкулез таяқшасының жұққан жұқпағанын анықтап, дәрігердің нұсқауымен профилактикалық ем қабылдау керек.

4. Жаңа туылған, дені сау 3-4 күндік нәрестеге перзентханада БЦЖ вакцинасын салу арқылы, туберкулезге қарсы иммунитет пайда болуын қамтамасыз ету қажет.

5. Денсаулықта қандай да бір қалыптан ауытқу болған жағдайда өз бетінше емделмей, арнайы маман-дәрігердің көмегіне жүгіну керек. Ол қандай белгілер екенін әр адам білуі тиіс:

- 2 аптадан астам уақыт жөтел;
- Дене қызуының көтерілуі, әсіресе кешке қарай;
- Тершеңдік, әлсіздік, тез шаршап қалу;
- Тамаққа тәбеттің болмауы, жүдеу, салмақ жоғалту;
- Кеудесінің шаншуы;
- Қан түкіру.

Осындай, туберкулезге тән белгілер болған жағдайда, әр адам өзі тіркелген емханаға барып арнайы тексерулерден өту қажет. Ерте анықталған дерт ерте жазылады.

Туберкулез екенін немесе туберкулез емес екенін қалай дәлелдеуге болады?

Жоғарыда атап өткендей:

- Балалар арасында Манту сынамасы, Диаскинтест сынамасы және рентген сәулесі арқылы анықталады.
- Заманауи компьютерлік томография, магниттік-резонанстік томография, рентгено-томографиялық зерттеулер арқылы.
- Науқастың қақырығын Джен эксперт, микроскоп арқылы арқылы Кох бацилласына тексеру. Ең бастысы, бұрын туберкулез микобактериясын анықтап, дәлелдеуге 2-3 ай кететін болса, қазіргі таңда Джен-эксперт құрылғысы көмегімен 2 сағатта, ДНК деңгейінде анықтайды. Яғни, 2 сағаттың ішінде, туберкулездің қандай түрі екені анықталады.
- Қақырықты арнайы орталарда (Бактек, Левенштейн-Йенсен) егіп өсіріп, қандай дәріге сезімталдығын анықтайды.

Қазір туберкулездің қандай түрлері бар және қалай емделеді?

Туберкулездің 2 түрі болады: негізігі дәрілерге сезімталдығы сақталған түрі және негізгі дәрілерге тұрақты түрі.

1. Туберкулезді емдеудің негізгі тәсілі – бірінші, бесінші қатардағы дәрілермен дәрілік ем (консервативтік);

2. Туберкулездің жұқпалы түрі міндетті түрде стационарда жатып емделу керек.

3. Туберкулездің жұқпайтын түрі амбулаторлық жағдайда емделеді. Науқастар туберкулез екенінен қысылып, емделуден бас тартпас үшін, қоғамда өзін жайсыз сезінбес үшін, ол апталық дәрілерін үйіне алып кетіп, күн сайын бейне бақылау (видеонаблюдаемое лечение) арқылы дәрісін қабылдауына болады.

4. Емге қатынай алмайтын кейбір аурулардың дәрілерін үйіне мобильдік топ арқылы тасымалдап ішкізеді.

5. Сонымен қатар хирургиялық ем қолданылады.

Туберкулезді ерте анықтап, дер кезінде емге алса, ол- жазылатын ауру!

Б. ҚАППАРҚЫЗЫ,
№4 емхананың фтизиатры

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V«О противодействии коррупции» сообщаем, что, в коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтобе города Кызылорды» работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтобе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЖАҢА ОҚУЛЫҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫН ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСА АЛАДЫ

Елімізде тұрғындар жаңадан әзірленген оқулықтардың мазмұнын талқылауға қатыса алады. Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының мәліметінше, қоғамдық талқылау биыл 12 ақпанда басталған.

Talkylau.ebmso.edu.kz сайтында оқулықтар мазмұнының сапасы, құрылымы, әдістемелік тәсілдері, баяндау тілі мен безендірілуіне қатысты қоғам мен ғылыми-педагогикалық қауымдастық өкілдері пікір білдіре алады. Жаңадан әзірленген оқулықтар мынадай: 3-сынып «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері», «Орыс тілі» (орыс тілінде оқытатын мектептер үшін), шет тілдері (ағылшын, француз); 3, 9-11 сыныптар үшін «Неміс тілі»; 5-9 сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттілік» оқулықтары қағаз нұсқада; 3-сыныпқа арналған «Цифрлық сауаттылық» (Цифровая грамотность) пәні бойынша электронды оқулықтар.Қоғамдық талқылауға әдіскерлер, ғалымдар, сондай-ақ оқулықтардың сапасына бей-жай қарамайтын қазақстандықтар қатыса алады. Ол үшін келесі қадамдарды орындау керек:

Веб-порталда тіркелу,Оқулықтардың түпнұсқа-макеттерімен танысу;«Түсініктеме қосу» тетігі арқылы оқулықтардың мазмұны мен құрылымына қатысты сын-пікір, ұсыныс пен ескерту жазу.

26.02-03.03.2024

Тоқты
(21 наурыз-20 сәуір)

Егер алға қойған мақсатыңыз болса қозғалыста болыңыз. Сіз басқалармен өзара түсіністікке оңай қол жеткізетін боласыз. Сезімталдық пен өмірге ұтымды көзқарас мақсатты іс жүзінде жүзеге асыруға көмектеседі. Сіздің жеке өміріңізде де оң әсер ететін маңызды нәрселер болады.

Торпақ
(21 сәуір-20 мамыр)

Көркемдік қабілеттер, дизайнерлік талант, тоқу, тігу және киім дизайнына бейімділік күтпеген жерден пайда болуы мүмкін. Дәл қазір хоббиіңізді табыс көзіне айналдырып, өз бизнесіңізді ашып, көп ұзамай қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізе аласыз. Жеке мәселелеріңізді бизнес саласына араластырмаңыз.

Егіздер
(21 мамыр-21 маусым)

Ақша-несие саласында тұрақтылыққа қол жеткізуге болады. Қажет болса, сіз әділетсіз бәсекелестікке тап болсаңыз, әлеуметтік позицияңызды сақтау үшін күресуге болады. Кәсіби істердегі шыдамдылық, мәселелерді шешу, ұйымдастырушылық дарындылық тәртіпті қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Шаян
(22 маусым-22 шілде)

Басқа адамдармен жақсы шығармашылық қарым-қатынастар жаңа жобаларды ұйымдастыруға ықпал етеді. Жеке өміріңізді жоспарлауға, отбасыңызды кеңейтуге тамаша уақыт. Тұрақты, бірақ біршама ретсіз күнделікті жұмыс аздап шаршатады, бірақ қазір сіз жағдайдың талаптарына жақсы бейімделесіз.

Арыстан
(23 шілде-22 тамыз)

Жаңашыл идеялар мен инстинкт сізге пайдалы мүмкіндіктер ашады. Қаржылық және үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Санадан тыс түсініктер шешімдердің қалыптасуына әсер етеді және сіздің қиялыңызды басқара отырып, өз еркіңізді шығармашылықпен пайдалануға мүмкіндік береді.

Бикеш
(23 тамыз-22 қыркүйек)



Жағдайлар әдеттен тыс ақыл-ой қабілеттерін, бар білімді белгілі бір әрекетке пайдалануға мүмкіндік береді. Егер мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланса, сіз қаржылық секторда қоғамдық танымалдылық пен тұрақтылыққа қол жеткізе аласыз. Тепе-теңдікті орнату үшін бар күш-жігеріңізді салыңыз.

Таразы
(23 қыркүйек-22 қазан)

Керемет қабілет сіз жасаған барлық нәрсеге ерекше сүйкімділік береді, сондықтан сіз жасаған барлық нәрсе өзінің эксклюзивтілігімен ерекшеленеді. Енді сіз айналаңыздағы әлемді бұрынғыдан да үйлесімді және саналы сезінесіз. Осы аптаның мүмкіндіктерін барынша пайдаланыңыз.

Сарышаян
(23 қазан-21 қараша)

Жаңаша қабілеттеріңіз ашылып, білім алуға қол созыңыз. Апта отбасыңызбен берік қарым-қатынас орнатуға өте қолайлы. Санадан тыс қалаулар, әдемі сезімдер үйлесімділік өмір сапасын жақсартуға көмектеседі. Мінез құлыққа әсер ететін кейбір даулардан алыс жүріп, абайлап сөйлеуге тырысыңыз.

Мерген
(22 қараша-21 желтоқсан)



Іздеуге және басқа адамдармен ынтымақтастық орнатуға қолайлы уақыт. Егер сіз эмоционалды қанағаттанарлық жұмыс жасасаңыз, мансаптық өсуге болады. Сауда мен қоғамдық жұмыстарға, кәсіп ашуға, шетелдіктермен қарым-қатынас жасауға қолайлы жағдайлар бар. Өзіңізді шындай біліңіз.

Тауешкі
(22 желтоқсан-19 қаңтар)

Сезімдеріңізді ақыл-ойыңыздың бақылауында ұстау қабілеті сізді басқалардан ерекшелендіреді. Басқа адамдармен жиі пікір алмасуға болады. Өзіңіздің жобаларыңызды сәтті жүзеге асыруға таптырмас кезең. Тым жұмсақ болу басқа адамдардың сіздің сезімдеріңізді пайдалануына әкелуі мүмкін.

Сөкөйғыш
(20 қаңтар-18 ақпан)

Басқалармен қарым-қатынас жасағанда сыпайы болуға тырысып, оларға терең, нәзік жауап беріңіз. Серіктестердің көмегі мен қолдауының арқасында жетістікке жете аласыз. Үлкен энергия және тәуекелге бару сізді бәсекеге қабілетті етеді. Денсаулығыңызды сақтау үшін жұмыс және демалыс кестесін қадағалаңыз.

Балықтар
(19 ақпан-20 наурыз)

Апта күтпеген тосын сыйларға толы. Махаббат саласында жарқын оқиғалар орын алады. Эмоциялық көріністерді болдырмай, серіктестермен кәсіби және сындарлы қарым-қатынасты сақтауға тырысыңыз. Табыстың кілті - шыдамдылық пен ымыраға келуге дайын болу.

АҚПАН АЙЫ «ҮТ» АМАЛЫМЕН БІТЕДІ

дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі болады

Күнді ат адым ұзартып, жылдың қысқа айы (кейде 28, кейде 29 күннен бітеді) ақпан да өз мәресіне жетуге таяу. Қысқа болса да, елге, әсіресе, шаруа адамдарына ұзақ болып сезілгені шындық. Бабалар бұл айды: «тұрақсыз», «алдамшы», «адуынды», «жақсылығына барса – құт, жамандығына барса – жұт», тағы басқа теңеулермен айшықтаған. Өте нақ, дәл берілген анықтама. Осы айтылған сипаттамалардың бәрін ақпанның бойынан көруге болады, көрсетіп те жүр...

Ақпан айы адуынды «Ақпан» амалымен басталып, «Үт» амалымен бітеді. «Білмесең білдірем, білсең бүлдірем» деген «ақпан амалы» аяқталды. Қазір «Үштің айы – күштің айы» атанған айдың соңғы аптасы өтуде. Аса қауіпті амалдардың қатарынан орын алған «Үт» амалы жүріп жатыр. Үт сөзі туралы түрлі болжамдар мен аңыздар барын өткенде айттық. Біреулер оны қазақтың сиыр деген көне сөзі десе, енді біреулер киіз үйдің саңлауынан түскен сәуле дейді. Қалай десек те, қазекең терезеден түскен жарық сәулені көргенде кәдімгідей қуанған. Жәй қуанып қоймаған, «Үт келді – құт келді!» деп бөркін аспанға атқан. «Қыстың қаукары бітеді, енді көктем келеді, күн ұзарады, жер көгереді, қой төлдеп, көген кеңейеді» деп шаттанған. Негізі, қазекең «үт» деп саңлаудан түскен сәуленің ішіндегі қозғалып жүрген есепсіз тозаңды айтқан. Ол – табиғаттың өзгерісі мен шуақты күндердің жақын екендігін білдіретін тозаң.

Дегенмен, Үт барлық жерге бірдей құт болып келмеген. Көктем ерте шығатын еліміздің оңтүстік аймақтарына құт болғанымен, қысы ұзаққа созылатын (арқаның қысы алты ай) солтүстік өлкелер үшін жұт болып келген. Жемі мен шөбі таусылуға шақ қалып, жүдеп, жұтап отырған мекендерге оңай тимеген. Сондықтан да Үт кімге – құт, кімге – жұт... Ал саудагерлер болса, бұл шуақты пайдаланып қыстаудағы малшыларға шай-қант сатып, тері-терсегін арзанға бағалап алған. Осы әрекеттеріне қарап қазекең «үт кіргенде, саудагердің к... құрт кіреді» деп саудагер сарттарды мысқылдаған. Қазақтың табиғат тамыршылары: «Ақпанның он бесінші жұлдызы – қыс пен көктемнің алғаш ұшырасатын күні. Осы күнгі ауа райы қандай болса, көктем де сондай болады» деп жорамалдағанын өткенде жазғанбыз... Алматыда 15 қаңтарда кешке қарай қар жауа бастады. Мегаполис билігі мәліметінше, қарды тазалауға қаланың коммуналдық қызметі 400-ден астам техника мен мыңдаған жұмысшыны жұмылдырған көрінеді. 16 қаңтарда сағат 10.00-де қалада 8 см-ге дейін қар жауды. Жауған қардың қалыңдығы Каменское үстіртінде – 26 см, Шымбұлақ пен Үлкен Алматы өзенінде – 46 см-ге дейін жеткен. Көктайғақтың алдын алу мақсатында 156 құм таратқышпен көктайғаққа қарсы материалдар (ҚҚМ) себілді. 16 қаңтарда сағат 10.00-дегі жағдай бойынша 3450 тонна ҚҚМ пайдаланылған. Жасанды қар көшкінін жүргізу арқылы 380 текше метр қар тау етегіне түсті. Бұл су тасқыны қаупінің алдын алу мақсатында жасалған шара болса керек. Міне, қыс пен көктем кездескен күнгі ауа райы осындай көрініс берді.

Егер бабалар болжамына сенер болсақ, қыс аяғының созыла түсері, көктемнің кеш шығатыны және жауын-шашынды болатыны ғажап емес сияқты. Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін ақпанның – 23-і, ал ай есебіне сүйенсек, 13-і. Қазақша есептер болсақ, әлі айдың – 15-і. Сөз етіп отырған аптамыз (23 ақпан мен 1 наурыз аралығы) ауа райында болатын әлдеқандай өзгерісті аңғартқандай, айдың ортасы мен соңғы аптасына сәйкес келіп тұр. Алдағы аптада ауа райы тұрақсыз болатын сыңайлы: ашық күн де, жауын-шашын да көрініс беруі мүмкін. Таңертең ызғар, түнге қарай айтарлықтай суық орын алады.

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ

ЕМХАНАҒА БАРҒАНДА ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ЖАҒДАЙЛАР

Емханаға жүгінгенде келеңсіз жағдайлар қаншалықты жиі орын алады және олардың көбін сол жерде шешуге болатынын білесіз бе? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов мәселе шешілмесе не істеу керектігін және пациенттер жиі қандай жағдайларға тап болатынын айтып берді.

1-ЖАҒДАЙ

МӘМС жүйесіндегі мәртебеңіз «Сақтандырылған», бірақ емханада сізге сақтандырылмағансыз дейді. Осы кезде уайымға салынбау керек. Техникалық ақау орын алып жатады немесе сіздің мәртебеңіз туралы мәліметтер емхананың медициналық ақпараттық жүйесінде жаңартылмаған болуы мүмкін.

Осындай жағдайда не істеу керек?

• Қордың ресми ресурстарының бірі - Telegram-дағы @Saqtandyrybot, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасын ашыңыз немесе eGov.kz-тегі жеке кабинетке кіріңіз

• Өз ЖСН-іңізді теріңіз

• МӘМС жүйесіне соңғы 12 айда төленген жарналардың көшірмесін аласыз

Егер барлық төлемдер болыа, сіздің мәртебеңіз «сақтандырылған» болса, Пациенттерді қолдау қызметіне хабарласыңыз. Қолыңызда болған жағдайда, төлем түбіртектерін көрсетуге болады. Сондай-ақ, мәртебені тексеру үшін 1414 Бірыңғай байланыс орталығына жүгіне аласыз.

Егер соңғы 1 жылда төленбеген кезеңдер болса, мәртебеңізді қалпына келтіру үшін өткізіп алған барлық айларға жарналарды төлеңіз. Жарналар бойынша берешек төленгеннен кейін мәртебе 3 жұмыс күні ішінде жаңартылады. Яғни дәрігердің қабылдауына бірден жазыла алмайсыз, қабылдауды басқа күнге ауыстыру қажет.

2-ЖАҒДАЙ

Сіз сақтандырылғансыз және МӘМС жарналарын үзбей төлейсіз, бірақ сізге бейінді мамандардың қабылдауына және/немесе тексерулерге жолдамалар берілмейді.

Не істеу керек?

Бұл жолдаманы алу үшін сізде медициналық көрсеткіш болмауы мүмкін. Дәрігер пациентті консультациялық-диагностикалық қызметтерге жіберу туралы шешімді диагноз белгілері негізінде және клиникалық хаттамаларды ескере отырып қабылдайды. Егер сізде медициналық көрсеткіштер бола тұра жолдама берілмесе, емханадағы Пациенттерді қолдау қызметіне жүгініңіз. Егер жағдай шешілмесе, сіз 1414 нөміріне қоңырау шалып, шағым қалдыра аласыз.

3-ЖАҒДАЙ

Сізге тексерілуге немесе бейінді маманның кеңесіне жолдама берілді, бірақ жақын арада ол жерге жазылу мүмкін емес. Нәтижесінде күте тұруыңызды сұрайды.

Не істеу керек?

Бұрын пациенттер өзінің тіркелген емханаларында ғана медициналық қызмет ала алатын немесе белгілі бір диагностикалық орталықта қымбат тексеруден өту үшін квотаны күтетін. Қазір емханада жоспарлы медициналық көмекті екі апта ішінде ұсына алмаса, пациентті қажетті консультациялық-диагностикалық көмек алу үшін бірлесіп орындау шарты бойынша жұмыс істейтін басқа медициналық ұйымға жолдамамен жіберуі тиіс. Егер дәрігер жолдама беруден бас тартса, Пациенттерді қолдау қызметіне немесе бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарына жүгіну керек. Мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса Медициналық сақтандыру қорының ресми кері байланыс арналары Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, 1414 бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы немесе fms.kz сайтының «сұраныс жіберу» бөлімінде өтініш қалдыра аласыз.

4-ЖАҒДАЙ

Сізге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі немесе МӘМС пакетінде көзделген медициналық қызметтер үшін ақы төленіз дейді. Мысалы, КТ/МРТ нәтижелері жазылған диск пен пленканы сатып алуды және алдағы айға жазыла алмауына байланысты ақылы негізде ультрадыбыстық тексеруден өтуді және т. б. сұрайды.

Не істеу керек?

Мұндай жағдайларда бірден Пациенттерді қолдау қызметіне немесе бас дәрігердің емдеу бөлімі бойынша орынбасарына жүгініп, не себепті медициналық қызмет көрсетуден бас тартқанын сұрау қажет. Егер мәселе шешілмесе, Сіз Қорға шағым жіберіп, ресми жауап күте аласыз. Әдетте бұл мәселенің күрделілігіне және жоспардан тыс мониторинг жүргізу қажеттілігіне байланысты 1-ден 5 жұмыс күніне дейін созылады. Егер сіз төлем жасап қойсаңыз, ақылы қызметтерді алуға келіскендігіңізді білдіреді. Сондықтан сіз қаражатыңызды қайтара алмайсыз. Бұндай жағдайда медициналық ұйымға тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізуге және алда осындай келеңсіздіктерге жол бермеу үшін Қорға хабарласу керек.

5-ЖАҒДАЙ

Медициналық қызметтерге бөлінген қаражат лимиті таусылды, келесі айда келіңіз. Сіз осындай сипаттағы медициналық көмектен бас тарту жағдайына қаншалықты жиі ұшырайсыз?

Медициналық көмекке лимит жоқ. Егер тексеруден өтуге немесе бейінді маманның консультациясын алуға медициналық көрсеткіштер болса, сіздің учаскелік дәрігеріңіз өз емханаңыздың мамандарына жолдама беруі немесе бірлесіп орындау шарты бойынша басқа медициналық ұйымға жолдамамен жіберуі тиіс.

6-ЖАҒДАЙ

Сіз емханаға қатты ауырып бардыңыз делік. Созылмалы аурудың өршуімен, жарақаттпен немесе ЖРВИ белгілерімен жүгінсеңіз де, МӘМС жүйесінде мәртебеңіздің жоқ деп сізге медициналық көмек көрсетуден бас тартады.

Мұндай жағдайда не істеу керек?

Алғашқы шұғыл медициналық көмек қажет болған кезде пациенттің тіркелген медициналық ұйымның орналасқан жері де, МӘМС жүйесіндегі сақтандырылған мәртебесі де маңызды емес. Пациент жақын жердегі емхананың фильтр кабинетіне жүгіне алады немесе жедел медициналық көмек бригадасын үйге шақыра алады. Сондай-ақ, жақын жердегі ургентті клиниканың травматологиялық пунктіне немесе қабылдау бөлмесіне бара алады. Мұндай клиникалар туралы ақпаратты 103 нөміріне қоңырау шалып, сұрап алуға болады.

7-ЖАҒДАЙ

Сіз әлеуметтік маңызы бар немесе созылмалы аурумен Д есепте тұрсыз, бірақ сақтандырылған мәртебеңіздің жоқтығына байланысты олар сізді қараудан және басқа салалық мамандардың кеңесіне жіберуден бас тартады.

Мұндай жағдайда не істеу керек?

Д-есепте тұрған созылмалы немесе әлеуметтік маңызы бар аурулары бар пациенттер мәртебесінің бар-жоғына қарамастан, ауру түрі және клиникалық хаттаманың ұсынымдарына сәйкес тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, барлық қажетті медициналық көмекті ала алады. Басқа жағдайлар мен аурулар бойынша жоспарлы медициналық көмек алу үшін сақтандырылған мәртебесінің болуы қажет. Егер сіз Д-есепте тұрмасаңыз, тексерулерден өтіп, диагнозды бейінді мамандармен растау үшін мәртебе керек болады. Барлық жоспарлы консультациялық-диагностикалық көмек МӘМС есебінен көрсетіледі.

8-ЖАҒДАЙ

Дәрігер сізге «Сақтандырылған» мәртебесі керек екенін және бұл үшін 2020 жылдан бастап МӘМС жарналарын төлеу қажет деп айтты.

Не істеу керек?

Сақтандырылған мәртебесін алу үшін алдағы 12 айға немесе тұрақты төлем жасамаған болсаңыз, соңғы бір жылдағы берешек айларға төлем жасап шығу керек. Айта кету керек, егер МӘМС жарналарын бұрын-соңды төлемеген болсаңыз, өткен жылғы қарызды төлемеуіңізге болады. Оның орнына, ағымдағы айды қоса алғанда, алдағы 12 айға жарналарды төлеген абзал. Мәртебе 3 жұмыс күні ішінде беріледі.

9-ЖАҒДАЙ

Сақтандырылған мәртебесінің жоқтығына байланысты сізге скринингтер жасаудан бас тартады.

Не істеу керек?

Кейбір онкологиялық ауруларды ерте анықтау мақсатында скринингтен өту үшін сізде сақтандырылған мәртебесі болу керек. Бірақ 30-70 жас аралығындағы сақтандырылмаған пациенттер үшін скринингтік тексерулер бар. Оған Маклаков көзішілік қысымды өлшеу немесе байланыссыз пневмотонометрия бойынша, жалпы холестерин мен глюкозаны анықтау, ЭКГ, сонымен қатар нәтижелерді түсіндіру үшін терапевтің қабылдауы кіреді.

10-ЖАҒДАЙ

Сіз МӘМС жарналарын мемлекет төлейтін азаматтардың жеңілдетілген санатына кіресіз, бірақ жүйеде сізге мәртебе берілмеген.

Не істеу керек?

Жеңілдік мәртебесі азаматтарды тиісті реестрлер мен базаларға енгізу негізінде беріледі. Мұның бәрі төлеушінің санатына байланысты. Мысалы, күндізгі бөлімде оқитын студенттерді Ұлттық білім беру базасына, ал жүкті әйелдер жүкті және фертильді жастағы әйелдер тізіліміне қосылуы керек. Егер пациенттің деректері тиісті базаларда болмаса және Қор мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен мәлімет алмаса, онда олар жеңілдік санатына кіре алмайды. Мұндай жағдайда студенттер өздерінің оқу орнының деканатына жүгінуі тиіс, ал әйелдер жүктілік бойынша есепке тұруы керек.

Егер сізде қосымша сұрақтар туындаса немесе егжей-тегжейлі кеңес қажет болса, 1414 бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалыңыз.

МӘМС

МӘМС ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

Жұмысқа орналасу кезінде өткен айлар үшін МӘМС жүйесіне төлеу керек пе? Дәрігердің жолдамасымен клиникаларда талдау тапсыруға болады ма? Осы және басқа да сауалдарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бөлім басшысы Ғалымжан Салықов жауап берді.

-Мен ай сайын МӘМС жарналарын төлеймін, остеопатия бойынша кеңес ала аламын ба?

-Остеопаттың кенесі ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтер тізбесіне енгізілмеген. Алайда, «Кеуде қуысының деформациясы» диагнозын емдеу МӘМС пакетінде қарастырылған. Сіздің диагнозыңыз бойынша МӘМС жүйесі аясында физиотерапия, массаж, ортопедиялық травматологтың кеңесі және басқа да манипуляциялар сияқты бірқатар медициналық қызметтерді ала аласыз.

-Егер маған талдау тапсыру керек болса және олар МӘМС қызметтерінің тізіміне енсе, мен оларды емханадан жолдама бойынша тікелей зертханада тапсыра аламын ба?

-МӘМС пакетінде көзделген барлық талдауларды сіз тіркеу емханасынан да, басқа клиникадан да, оның ішінде республикалық деңгейден де ала аласыз. Әрекет алгоритмі келесідей: терапевтке оралып, кез-келген басқа клиникаға жолдама алу керек. Сондай-ақ, сіз бір жерде немесе басқа емтихан қысқа мерзімде қол жетімді болатын ұйымды өзіңіз таба аласыз және бұл туралы дәрігерге хабарлай аласыз. Айта кету керек, емхана мен таңдалған ұйым өзара міндеттемелермен байланысты болмауы керек. Емхананың тіпті келісімі жоқ кез келген медициналық ұйымға жергілікті дәрігердің жолдамасы болса, қызметті орындау фактісі бірлесіп орындау шартын автоматты түрде қалыптастыруға негіз болып табылады. Клиника ӘМСҚ деректер базасында болуы және әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша қызметтер көрсетуі тиіс екенін еске салу маңызды. МӘМС пакетіндегі қызметтер тізімін https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027833 осы сілтеме бойынша көре аласыз.

-Мен бірінші ай ресми түрде жұмыс істеймін. Неліктен мен дәрігерлерге бармасам, өткен жылға медициналық сақтандыруды төлеуім керек?

-МӘМС туралы Заңның 5-бабының 3-тармағына сәйкес Қорға аударымдар және (немесе) жарналар төленбеген тұлғалар МӘМС жүйесінде медициналық көмекке құқық алу үшін төленбеген кезең үшін, бірақ төлем күнінің алдындағы он екі айдан аспайтын мерзім үшін Қорға ең төменгі жалақы мөлшерінің 5 пайызы мөлшерінде жарналар төлеуге міндетті республикалық бюджет туралы заңмен ағымдағы қаржы жылына белгіленген төлемдер.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджименті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды

Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №46

E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/